

FTAMP 16.21.33

С.А. Сырғабекова¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

СӨЗДІҢ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мемлекеттік білім саясаты мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ұлтымыздың зерделі әлеуетін қалыптастыруды бағытқа алған мектептің негізгі өзегі – мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігі. "Сабақ - толығымен алғанда, оқу-тәрбие процесінің элементі, оның ұйымдастырылған формасы. Екінші жағынан, сабақта іс-әрекеттердің бір түрі болатын оқыту ісі көрініс табады," – дейді И.Лернер пікірі. Ал қазіргі түсінік бойынша, сабақ - тек білім беру процесінің негізгі ұйымдастыру формасы ғана емес, ұжымдағы оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың да негізгі формасы болып табылады. Сабақтың түрі өтетін тақырыпқа, сынып оқушыларының жас ерекшелігіне, қабілет ерекшелігіне, сабақтың мақсатына қарай белгіленеді. Егер сабақ бірсарында өтетін болса, оқушының оқуға деген көзқарасы өзгереді. Ойлау белсенділігі төмендейді, ынтасы, пәнге деген қызығушылық тежеледі.

Түйін сөздер: лингвистика, метафора, диалог, метонимия, синекдоха.

Аннотация. Государственная политика в области образования реализуется через учителя. Основной стержень школы, направленной на формирование интеллектуального потенциала нации, - это любознательность и образованность личности учителя. "Урок-это в целом элемент учебно-воспитательного процесса, его организованная форма. С другой стороны, на уроке отражается учебная деятельность, которая является формой деятельности",-говорит И. Лернер. А в современном понимании урок - не только основная организационная форма образовательного процесса, но и основная форма организации работы учащихся в коллективе. Форма урока устанавливается в зависимости от темы урока, возрастных особенностей и способностей учащихся, также цели урока.

Ключевые слова: лингвистика, метафора, диалог, метонимия, синекдоха.

Abstract. The state policy in the field of education is implemented through teachers. The main core of the school aimed at the formation of the intellectual potential of the nation is the curiosity and education of the teacher's personality. "A lesson is in general an element of the educational process, its organized form. On the other hand, the lesson reflects the educational activity, which is a form of activity," says I. Lerner. And in the modern sense, a lesson is not only the main organizational form of the educational process, but also the main form of organizing the work of students in a team. The form of the lesson is set depending on the topic of the lesson, the age characteristics and abilities of the students, as well as the purpose of the lesson.

Keywords: linguistics, metaphor, dialogue, metonymy, synecdoche.

"Сабақ - толығымен алғанда, оқу-тәрбие процесінің элементі, оның ұйымдастырылған формасы. Екінші жағынан, сабақта іс-әрекеттердің бір түрі болатын оқыту ісі көрініс табады," – дейді И.Лернер пікірі. Ал қазіргі түсінік бойынша, сабақ - тек білім беру процесінің негізгі ұйымдастыру формасы ғана емес, ұжымдағы оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың да негізгі формасы болып табылады. Сабақтың құндылығы – экономикалық тұрғыдан тиімділігінде, мұғалім мен оқушының іс-әрекетін біріктіруге мүмкіндік тұғызатындығында.

Сабақтың түрі өтетін тақырыпқа, сынып оқушыларының жас ерекшелігіне, қабілет ерекшелігіне, сабақтың мақсатына қарай белгіленеді. Егер сабақ бірсарында өтетін болса, оқушының оқуға деген көзқарасы өзгереді. Ойлау белсенділігі төмендейді, ынтасы, пәнге деген қызығушылық тежеледі. Оқушылардың белсенділігін арттыруда мұғалімнің сабақты түрлендіріп беруі маңызды рөлге ие. Ұстаздар қауымы бала шығармашылығына жол ашып, әр сабақты мүмкіндігіне қарай түрлендіруге құқылы. Қазақ тілі сабақтарында сөздің ауыспалы мағынасын, оның ішінде метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мағынасын оқытудың әдіс-тәсілдеріне тоқталып өтейін.

Сөз мағынасының өзгеруі, әсіресе, ауыспалы мағынаға ие болуы қазақ тілінде ерекше орын алады. Көп мағыналық құбылысының даму жолдары соның айқын көрінісі. Ал сөздің ауыспалы мағынасында қолданылуы тіл білімінде қандай себептер, қандай әдіс-тәсілдер арқылы пайда болды дегенде лингвистикалық әдебиеттерде осындай әдіс-тәсілдердің басты-бастылары деп метафора, метонимия, синекдоха және қызмет бірлігі тәсілдерін атайды. Жоғарыда айтып өткендей сөздер өзінің табиғатынан-ақ көп мағыналылыққа бейім келеді. «Сөз мағынасы өзгереді, дамиды: мағына аясы бірде кеңейе түсіп, бірде тарылады; түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде сөз қолданыс тәсілі молайып, бірде соны

мағына туады, заман ағымына қарай, кей ретте, сөз де, сөз мағынасы да мүддем жаңарады; сөйтіп сөздердің семантикасы үздіксіз екшеліп отырады» [1,48].

Метафора дегеніміз бір заттың немесе құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы. Қазақ тілінде көп мағыналықты туғызуда метафора басты рөл атқарады. Егер сөздің номинативті – тура мағынасы оның қоғамдағы құбылысқа сай жалғыз тура атауы болып жұмсалса, сөздің метафоралық мағынасы мүлдем басқа сипатта болады. Метафора екі белгімен сипатталады. Біріншіден, ол семантикалық қосжоспарлықпен сипатталады. Екіншіден, метафора зат немесе құбылысқа баға беруші бейнелікпен де сипатталады. «Сөйтіп, ішкі немесе сыртқы ұқсастыққа байланысты атаудың ауысып, келтірінді мағынада қолданылған сөзді метафора дейді [2,73].

Қазақ тілі сабақтарында метафораға қатысты «Жұптық әңгіме» әдісін сабақта қолдану тиімді. Әрине, жай ғана сөйлесу - жеткіліксіз, екі оқушының әңгімесі нақты мәтіндегі кездесетін метафораға шоғырланған болуы керек. Аталмыш әдісті қолданудың мақсаты:

- оқушылар бір-бірін белсенді тыңдайды;
- сұрақ қоюға дағдыланады;
- күтпеген сұраққа табан астында жауап беруге дағдыланады;
- оқушының ойын талқылауға шоғырландыруға мүмкіндік береді;
- үлкен топтарда өзін сенімсіз сезінетін оқушыларға қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Диалог - оқушының өз пікірі мен идеялары туралы пікір алысып, талқылай алатын әдіс. Егер оқушы жаңа материалды меңгеруде қандай да бір қиындықпен кездесе, сұрағын қысылмай мұғалімге еркін қоя алады. Мұғалім оқушының сұрағына жауап береді. Кері байланыс орнайды. Кейбір жағдайларда мұғалім сұрақ қояды, ал оқушылар жауап береді. Оқушы жауабы қанағаттанарлық болмаса, мұғалім басқа оқушылардан сұрай отырып, сол балаға жауапты түсіндіреді. Мұғалім диалог арқылы үй тапсырмасын тексереді, жаңа сабақты түсіндіру үшін өткен тақырып бойынша сұрақтар қояды, білімдерін жан-жақты тексереді. Оқытудың кез-келген технологиясын алып қарасақ та, барлығы тек диалог арқылы жүзеге аса алады. Олай болса, кез-келген ұстаз өз сабағында диалог арқылы сабақ жүргізуде шебер болуы тиіс деп ойлаймын.

Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы диалог жүйелі сөйлеу сауаттылығын жақсартады. Әдетте, сыныпта бірнеше оқушы өз ойларын жеткізуден қиналып, ал басқаларға түсіндірулері тіпті қиын болып жатады. Жеке жұмыс, топтық жұмыс, сыни ойландыратын тапсырмалар оқушының стилін анықтайды, күмәндануға итермелейді, проблеманы туындатады, осыдан сұрақ қою, бір-бірімен диалогқа түсу әрекеттері дамиды.

Осы мақсатта сөздердің ауыспалы мағынасы, оның ішінде метафораға қатысты оқушылардың қаншалықты бір-бірлерімен әңгімелесу

барысында тақырыпты өздігінен аша алады, қандай сұрақтарды қойғанда олар іздеген сұрақтарына нақты жауап таба алатынына байланысты диалогтық сұхбаттасуды пайдалану дұрыс. Диалог арқылы оқушылардың сөздердің ауыспалы мағынасын көбірек қолдануын басты негізге ала отырып, оқушылардың бір-бірімен диалогқа түсуіне, тақырып бойынша өз ойларын еркін білдіруге мүмкіндік беру.

Метонимия дегеніміз бір заттың (немесе құбылыстың) екінші бір затпен (не құбылыспен) өзара іргелес, шектес келуіне байланысты атауларын алмастыра отырып келтірінді мағынада жұмсалуды. Метонимияның көбірек қолданылатын жері – көркем әдебиет стилі. Бірақ шығармада метонимияны қолдану үшін белгілі дәрежеде шеберлік қажет. Оның кейбір жазушы шығармасында аз, ал кейбіреуінде көбірек болатын себебі де осыдан. Жазушы үшін метонимиялық тәсіл адамның бойындағы түрлі мінез-құлықты неғұрлым айқын ашу, характер жасаудың, көркем образды бейнелеп жеткізудің мықты құралы болып табылады [1,51].

Қазіргі заман талабына сай ақпарат көздері көбейгенде, кең ауқымды көркем шығармалар оқуға оқушыларды баулу оңай іс емес, бұл тұрғыда «Жигсо» деп аталатын сыни ойлау стратегиясы көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне мәтіндегі метонимияны түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыны бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай сабақта метонимияға қатысты сұрақ қою үшін Блумның сұрақ қою өлшемі әдісі тиімді. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады. Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу. Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтасты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасатуға мүмкіндік туғызады.

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге, оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білім мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қоса, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады.

Лингвистикалық метонимия мынадай тәсілдер арқылы жасалады:

1. Зат, құбылыс, процестердің кеңістікте қатар, шектес болып орналасуы негізінде атауы ауысады: Мысалы, ауыл, қала, көше сөздерімен сонда тұратын адамдар да аталады: ауыл ұйқыда, ол үй кеше қаладан келді;

2. Бір зат немесе құбылыс атаулары екінші бір затқа орны, мекені (оның ішінде орналасуы) жағынан байланысқан затқа ауысады. Мысалы, бас – ақыл, ес, сана: Басы (ақылы) жоқтың асы жоқ (нақыл). Сол сияқты тіл сөзі адамның, жан-жануардың дәм сезетін, әрі адамның сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше. Осы сөз – сөйлем, сөз, стиль дегенді де білдіреді. М.Қашқаридың тілі – бай тіл; Келінде тіл, қайын енеде ынсап жоқ (нақыл). Табақ, кесе сияқты сөздер ыдыс деген

мағынада да, тамақ деген мағынада да жұмсалады. Мәселен, Ортадан табақ айрылды.

3. Бір зат өз атауын өзінен жасалынған бірнеше заттарға да таратуы мүмкін. Мысалы, қағаз сөзі қағаздың өзін және құжаттардың барлық түрін де білдіре алады. Мәселен, Керекті қағаздарды дайындап оқу орнына әкеліп өткізді. Сол сияқты бұл сөздің қара қағаз (извещение) деген мағынасы да болғандығын естен шығармау керек.

4. Уақытқа байланысты атаудың ауысуы: таңертең, азанда, түс, ақшам, кеш дегендер тәуліктің төрт бөлігінің бірі, уақытты білдіреді. Мәселен, Бүгін кешке жиналыс болады. Сондай-ақ осы сөз кеш, жиын, ойын-сауық дегенді де білдіреді. Бұл ондай кештердің, жиналыс, жиындардың көбінесе кешқұрым өтуімен байланысты болса керек [1,52].

Оқушы – белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, терең ой иесі. Ол дербес ойланып, өз көзқарасын дәлелдей алуы керек. Әр оқушының еркін ойлауына, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасалынуы керек. Айталық, «Елеспен жетелеу» стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» тәсілдерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді.

Синекдоха – атауларды алмастырып айтудың бір түрі. мұның негізінде жапсарластық, іргелестік жатады. Бірақ, синекдоханың метонимиядан айырмашылығы аталатын заттардың сандық белгілерінен көрінеді. Синекдоха дегеніміз бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқының (дараның), үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы. Синекдохалық мағына көбінесе сөйлеу стилі мен көркем әдебиет, публицистикалық стилдерде жиі байқалады. Ол көркем образ, әсерлі бейне жасаудың тәсілі ретінде қолданылып, сөйлемге экспрессивті-эмоциялы мән беріп тұрады. Сондықтан да қандай да бір атауды осылай синекдохалық мағынада жұмсауда коммуникативтік қызметтен гөрі стилдік мақсат басым жатады. Жазушылар оны өзінің айтайын деген ойына әлдебір әзіл нышаны, юморлық өң беру үшін де жиі қолданады. Мысалы ...Жаңағы арбаның үстіне тиіп қойған сақалдарың немене?...Сақал-мұртына мұз қатып, шақыр-шақыр басып келген кім десем, ауыл екен ғой (М.Әуезов) [2,94].

Оның мынадай жолмен жасалғанын көруге болады:

1. Зат, процесс, құбылыс бөлшегінің атауы бүтін зат, процесс, құбылысқа ауысады. Мәселен, адамның дене мүшесінің атауы арқылы бүтіндей адамның өзін белгілеуге болады: бас, аяқ, қол, көз, жүз, тізе, қабырға, арқа сөздері адамды білдіруі мүмкін: Бір басқа бір өлім. Бет көрсе, жүз ұялар. Жүзі жылыдан түңілме. Екі аяқты, жан сөздері де адам дегенді білдіреді: Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тару. Жан бар жерде кам да бар т.б.

2. Бүтін заттың атауы сол заттың бөлшегінің де атауы боп қолданылады. Мысалы, Қол сөзі негізінде нықтан саусаққа дейінгі бөлікті

білдіреді, ал мына жерде олай емес: Сол қолы сары майда, оң қолы суық суда. Қолынан келмейтіні жоқ немесе бес саусағынан өнер тамған.

3. Жалпы ұғымды білдіретін сөз нақты затты атау үшін де жұмсалады. Мәселен, Құстар жылы жаққа ұшты. Бұрын жігіт сөзі жалпы ұғымды білдіріп, кең мағыналы жанды заттың жастық шағын білдірсе, қазірде бұл сөздің мағынасы нақтыланған. Мысалы: Үстел басында екі жігіт пен бір қыз отыр.

4. Жеке бөлшектер сол заттың санын, көлемін, мөлшерін білдіреді. Мәселен, Оның отарында елу бас қара бар.

5. Әралуан ағаш, өсімдіктің беретін жемісі сол ағаш немесе өсімдіктің атауымен белгіленеді. Мысалы, екі түп алма ектім; қып-қызыл алманың дәмі де сондай тәтті екен. Немесе, қауын гүлдеді, қауындар көгере бастады, қауын тамырынан өседі. Бұл мысалдардың бәрінде де қауын сөзі өсімдік мағынасын береді. Ал мына сияқты мысалдарда жеміс мағынасын білдіреді. Мысалы: Қонаққа жұмсақ нан мен қауын ұсындым. Сондай-ақ бидай егілді және мен бидай қуырдым. Орта Азияда мақта көп өседі және бүгін дәріханадан бір бума мақта алдым.

6. Лингвистикалық синекдоханың түрлерінің бірі көпше түрдің орнына жекеше түрді қолдану: Мысалы, Қымбатшылық қазаққа әсіресе ауыр тиіп тұр [1,54].

Сабақты әртүрлі қызықты мысалдар келтіре отырып, оқыту барысында баланың ойлауын, шығармашылығын және сөздік қорын молайту үшін семинар, оқу конференциялары, диспут, пікірталас, т.б. сабақтардың түрлерін кеңінен қолданып түрлендіріп өткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Резуанова Ғ.К. Қазақ тілінің лексикалық парадигмасы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана», 2019. - 308 б.
- 2 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. –Алматы: Қазақ университеті, 2002. -161 б.